

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 8 ақпандагы № 20 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы №169 шешімін басшылыққа ала отырып Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 8 ақпандагы
№ 20 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы жалпы процестерді іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерге (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, еңбекшілер, жалпы процестер) қойылатын талаптарды, жалпы процестерді іске асыру кезінде оларға қатысуышылар жүзеге асыратын функцияларды, олардың арасында ақпарат алмасу тәртібін, сондай-ақ жалпы процестерді іске асыру кезінде берілетін және Одақтың ақпараттық порталында жарияланатын мәліметтердің құрамын айқындауды.

Осы Қағидалар 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында Еуразиялық экономикалық комиссия Қеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 122 шешімімен бекітілген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша өзара іс-қимыл тәртібін (бұдан әрі – Тәртіп) іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"медициналық қосымша мәліметтер" – еңбекшіге мүгедектікті белгілеу туралы мәселені шешу үшін талап етілген және қосымша ұсынылған еңбекшіні медициналық тексеру туралы мәліметтер;

"мәліметтерді сұрату" – еңбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқық мирасқорларын), зейнетақы алуға үміткер адамдарды еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болуына байланысты алмаған зейнетақымен қамсыздандыру үшін маңызы бар мәліметтер;

"өтініш беруші" – зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы не мүше мемлекеттің құзыретті органына зейнетақы тағайындау және төлеу туралы өтініш жасаған оның өкілі;

"зейнетақы аудару шенберіндегі мәліметтер" – зейнетақы төлеу үшін қажетті, зейнетақы тағайындаған мүше мемлекеттің құзыретті органы ұсынатын мәліметтер;

"зейнетақы тағайындау және төлеу үшін мәліметтер" – зейнетақымен қамсыздандыру құқығын растау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттар;

"ұстап қалудың аяқталуы туралы мәліметтер" – ұстап қалуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің құзыретті органының артық төленген зейнетақы сомасын ұстап қалудың аяқтағаны туралы мәліметтер;

"маңызды мән-жайлар туралы мәліметтер" – зейнетақы мөлшерінің өзгеруіне, оны төлеудің тоқтатылуына немесе қайта басталуына, сондай-ақ еңбекшінің (отбасы мүшесінің) дербес деректерінің өзгеруіне әкеп соғатын мән-жайлар және Келісімді қолдану үшін маңызы бар, басқа мүше мемлекеттің құзыретті органының назарына жеткізілуге жататын өзге де мән-жайлар туралы мәліметтер;

"медициналық тексеру туралы мәліметтер" – мүгедектігіне байланысты зейнетақы алуға өтініш берген жағдайда еңбекшілерді медициналық тексеру туралы мәліметтер және ұсынылуы медициналық-элеуметтік сараптама (кешенді куәландыру, қайта куәландыру) жүргізу үшін қажет электрондық түрдегі медициналық құжаттардың көшірмелері;

"зейнетақы жеткізілгенін растау туралы мәліметтер" – зейнетақыны жеткізуіді жүзеге асыратын құзыретті орган ұсынатын зейнетақыны төлеу (төлемеу себебі) туралы мәліметтер;

"жұмыс өтілі туралы мәліметтер" – мүше мемлекеттердің аумағында еңбекшінің жұмыс өтілінің болуын растайтын мәліметтер;

"салыстыру туралы мәліметтер" – төленген зейнетақыларды салыстырып тексеруді қамтамасыз ету үшін қажетті, Тәртіптің 25 және 26-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттің құзыретті органына жіберілетін мәліметтер;

"зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы мәліметтер" – Тәртіптің 28-тармағына сәйкес ұсталуға жататын еңбекшіге (отбасы мүшесіне) артық төленген зейнетақы сомалары туралы мәліметтер;

"қабылданған шешім туралы хабарлама" – мүше мемлекеттің құзыретті органы еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту), еңбекшіге мүгедектікті белгілеу (белгілеуден бас тарту), зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу (ұстап қалу мүмкін еместігі), қайтыс болуына байланысты еңбекшіге (отбасы мүшесіне) есепке жазылған, бірақ алынбаған зейнетақыны алуға құқығы бар адамға зейнетақы төлеу (төлеуден бас тарту) туралы қабылдаған шешім туралы мәліметтер;

"зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы" – еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқықтық мирасқоры) еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болуына байланысты алмаған зейнетақыны алуға үміткер адам.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Келісімде, Тәртіpte және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құру және дамыту мәселелері бойынша Одақ органдарының актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Жалпы процестерді іске асыру мақсаттары мен міндеттері

3. Жалпы процестерді іске асыру мақсаттары:

а) еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін мүше мемлекеттердің құзыретті органдары (бұдан әрі - құзыретті органдар) арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету;

б) осы мәліметтерді ұсыну бойынша еңбекшіден (отбасы мүшесінен) ауыртпалықты алу мақсатында еңбекшінің еңбек қызметін растау үшін қажетті құзыретті органдар арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету;

в) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан (бұдан әрі-уәкілетті органдар) және құзыретті

органдардан Келісімнің және Тәртіптің орындалуын мониторингтеу жөніндегі өкілеттіктерді іске асыру үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жалпы процестерді іске асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетақы белгілеу және төлеу кезінде құзыретті органдар арасында занды маңызы бар электрондық құжаттармен және мәліметтермен жедел алмасуды қамтамасыз ету;

б) еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетақы төлеу мақсатында құзыретті органдар арасында занды маңызы бар электрондық құжаттармен және мәліметтермен жедел алмасуды қамтамасыз ету;

в) Келісімнің және Тәртіптің орындалуына мониторингті жүзеге асыру мақсатында Комиссияның уәкілетті және құзыретті органдардан мәліметтер алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) жалпы процестерге қатысушылардың бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

III. Жалпы процестерге қатысушылар және олардың функциялары

5. Мыналар:

құзыретті органдар;

уәкілетті органдар;

Комиссия жалпы процестерге қатысушылар болып табылады.

6. Құзыретті органдар мынадай функцияларды:

а) "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін қажетті электрондық құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру шенберінде:

зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы зейнеткерлікке үміткер басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына медициналық зерттеп-қарау туралы мәліметтерді және жұмыс өтілі туралы мәліметтерді қоса алғанда, зейнетақыны белгілеу және төлеу үшін мәліметтер ұсынуды;

мәліметтерді, оның ішінде жұмыс өтілі туралы мәліметтерді сұратуды;

зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушыны зейнетақымен қамсыздандыру үшін маңызы бар қосымша мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде қосымша медициналық мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттің құзыретті органдының сұрау салуы бойынша өз мүше мемлекетінің аумағындағы жұмыс өтілі туралы мәліметтерді ұсынуды;

қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуді;

басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына елеулі мән-жайлар туралы мәліметтер ұсынуды;

б) "Еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлеу мақсатында Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында электрондық құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру шенберінде:

зейнетақыны аудару шенберінде зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын құзыретті органдарға мәліметтер ұсынуды;

зейнетақыны тағайындаған құзыретті органдарға зейнетақыны жеткізуді растау туралы мәліметтерді ұсынуды;

зейнетақыларды аударуды жүзеге асыратын құзыретті органдарға салыстырып тексеру актісі туралы мәліметтерді ұсынуды;

зейнетақыларды жеткізуді жүзеге асыратын құзыретті органдарға салыстырып тексеру актісі туралы мәліметтерді растау туралы мәліметтерді ұсынуды;

басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына артық төленген зейнетақы сомасын ұстап қалу туралы мәліметтерді ұсынуды;

артық төленген зейнетақы сомасын ұстап қалу туралы мәліметтерді, қабылданған шешім туралы хабарламаны жіберген құзыретті органға ұсынуды;

ұстап қалудың аяқталғаны туралы мәліметтерді жіберген құзыретті органға артық төленген зейнетақы сомасын ұстап қалу туралы мәліметтерді хабарлауды жүзеге асырады.

7. Жалпы процестерді іске асыру шенберінде уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар Комиссияға жыл сайынғы негізде (есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей, 1 қаңтардағы жағдай бойынша) Келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақы алушылардың саны (зейнетақы түрлері бөлінісінде) және басқа мүше мемлекеттердің аумағында экспортталатын зейнетақы төлеуге жұмсалған қаражаттың көлемі туралы деректерді (бұдан әрі-жинақталған мәліметтер), сондай-ақ Комиссияның сұрау салуы бойынша – Келісім мен Тәртіпті реттеу нысанасына жататын ақпаратты ұсынады.

8. Жалпы процестерді іске асыру шенберінде Комиссия уәкілетті және (немесе) құзыретті органдардан алынған деректер мен ақпарат негізінде Келісімнің және Тәртіптің орындалуына мониторингті, сондай-ақ оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады.

9. Жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл № 1 қосымшаға сәйкес функционалдық схемаларға сәйкес жүзеге асырылады.

IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер

10. Жалпы процестерді іске асыру шенберінде зейнетақымен қамсыздандыру саласында ортақ ақпараттық ресурстарды қалыптастыру көзделмейді.

11. Уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ұлттық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және жүргізуді мүше мемлекеттің заннамасына сәйкес жүзеге асырады.

12. Комиссия Одақтың ақпараттық порталында мәліметтердің мынадай санаттарын қамтитын "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде зейнетақымен қамсыздандыру" тақырыптық бөлімін (бұдан әрі – Тақырыптық бөлім) қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады:

а) Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттар, Одақ органдарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы актілері (құжаттардың деректемелері және Одақтың құқықтық порталына сілтемелер түрінде), сондай-ақ үшінші елдердің және халықаралық өнірлік бірлестіктердің өзге де халықаралық актілері (құжаттардың деректемелері және ресми жариялау көздеріне сілтемелер түрінде) туралы ақпарат;

б) мүше мемлекеттердің негізгі нормативтік құқықтық актілері, зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық шарттар туралы мәліметтер (құжаттардың деректемелері және уәкілетті органдардың ресми сайттарының тиісті бөлімдеріне сілтемелер түрінде);

в) уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар туралы мәліметтер, олардың байланыс деректері мен әрбір мүше мемлекетте зейнетақыны ресімдеу және алу рәсімдері туралы мәліметтер орналастырылатын ресми сайттарға сілтемелерді қоса алғанда;

г) мүше мемлекеттер бөлінісінде және Одақ бойынша жалпы жыл сайынғы негізде жинақталған мәліметтер;

д) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы өзекті мәселелер және оларға жауаптар.

13. Одақтың ақпараттық порталында осы Қағидалардың 12-тармағының "б" және "в" тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді жариялау үшін уәкілетті және (немесе) құзыретті органдардың жеке кабинеттің сервистеріне қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

V. Ақпараттық өзара іс-қимыл ерекшеліктері

14. Жалпы процестерді іске асыру шеңберінде құзыретті органдар арасындағы, сондай – ақ уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйе (осы Қағидалардың 12-тармағының "а" - "в" және "д" тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда) пайдаланыла отырып, электрондық түрде жүзеге асырылады.

15. Ақпараттық өзара іс-қимыл орыс тілінде жүзеге асырылады.

16. Жалпы процестерді іске асыру шеңберінде құзыретті органдар арасындағы, сондай-ақ уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл осындай өзара іс-қимылды регламенттейтін, оның ішінде

Комиссия Алқасы бекітетін электрондық құжаттардың (мәліметтердің) форматы мен құрылымын айқындайтын технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Құзыретті органдар арасында, сондай-ақ уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар мен Комиссия арасында берілетін мәліметтердің құрамы № 2 қосымшаға сай талаптарға сәйкес айқындалады.

18. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін қажетті электрондық құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл шенберінде құзыретті органдар бір-біріне мынадай санаттардағы мәліметтерді жібереді :

- а) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін қажетті мәліметтер;
- б) медициналық зерттеу туралы мәліметтер;
- в) жұмыс өтілі туралы мәліметтер;
- г) қабылданған шешім туралы хабарлама;
- д) маңызды мән-жайлар туралы мәліметтер;
- е) мәліметтер сұрату.

19. "Еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) Зейнетақы төлеу мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында электрондық құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс – қимыл шенберінде құзыретті органдар бір-біріне мынадай санаттардағы мәліметтерді жібереді:

- а) зейнетақы аудару шенберіндегі мәліметтер;
- б) зейнетақы жеткізуді растау туралы мәліметтер;
- в) салыстыру актісі туралы мәліметтер;
- г) салыстыру актісі туралы мәліметтерді растау туралы мәліметтер;
- д) зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы мәліметтер;
- е) ұстап қалудың аяқталғаны туралы мәліметтер;
- ж) қабылданған шешім туралы хабарлама.

VI. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары

20. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану тәртібі Одақ органдарының актілеріне сәйкес айқындалады.

21. Интеграцияланған жүйенің интеграциялық шлюздері арасында мәліметтерді беру қауіпсіздігі интеграцияланған жүйе комиссиясының интеграциялық сегментінің ақпараттық қауіпсіздігі кіші жүйесінің құралдарымен қамтамасыз етіледі. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, Комиссия берілетін мәліметтердің мазмұнына қол жеткізе алмайды.

22. Интеграцияланған жүйеге мұше мемлекеттің ұлттық сегменті шенберінде мәліметтерді беру, сақтау және өндеу қауіпсіздігі осы мұше мемлекеттің дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

23. Мұше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерінде дербес деректерді қорғауды зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы дербес деректерді сақтау және өндеу үшін жауапты уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар қамтамасыз етеді.

VII. Жалпы процестерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар

24. Комиссия мұше мемлекеттермен бірлесіп интеграцияланған жүйе құралдарымен ортақ процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарды (бұдан әрі – технологиялық құжаттар) әзірлейді және оларды бекітеді.


25. Комиссия технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес Комиссиясының интеграцияланған жүйесі құрамындағы интеграциялық сегменттің кіші жүйелерін пысықтауды және (немесе) баптауды қамтамасыз етеді.

26. Уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын технологиялық құжаттар мен құжаттардың талаптарына сәйкес ұлттық ақпараттық жүйелерді әзірлеуді (жаңғыртуды), сондай-ақ егер мұндай қосу бұрын қамтамасыз етілмеген болса, ұлттық ақпараттық жүйелерді мұше мемлекеттердің интеграцияланған жүйесінің ұлттық сегменттеріне қосуды қамтамасыз етеді.


27. Уәкілетті және (немесе) құзыретті органдар комиссияны үйлестіру кезінде жалпы процестерді қолданысқа енгізу рәсімінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Еуразиялық экономикалық
одакқа мұше мемлекеттердің
еңбекшілерін зейнетақымен
қамсыздандыру саласындағы
жалпы процестерді іске асыру
қағидаларына
№ 1 ҚОСЫМША


**Еуразиялық экономикалық одакқа мұше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен
қамсыздандыру саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара
іс-қимылдың ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СХЕМАЛАРЫ**




1-сурет. Еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетакы белгілеу және төлеу үшін мәліметтер алмасу кезінде құзыретті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы



2-сурет. Зейнетакы аудару шенберінде мәліметтер алмасу кезінде құзыретті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы



3-сурет. Артық төленген зейнетакы сомасын ұстап қалу және алынбаған зейнетакы сомасын төлеу кезінде құзыретті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы



4-сурет. Комиссия мен уәкілдегі және (немесе) құзыретті орган арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы

Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің уәкілдегі және (немесе) құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында Еуразиялық

қағидаларына
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің уәкілдегі және (немесе) құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында Еуразиялық

**экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетакымен қамсыздандыру
саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде берілетін мәліметтердің құрамына
қойылатын ТАЛАПТАР**

1. Осы талаптар жалпы процестерге қатысушылар арасында электрондық түрде берілетін мәліметтердің құрамына қойылады.

2. Жалпы процестерді іске асыру шенберінде құрамы 1-12 кестелерде келтірілген мәліметтер беріледі.

Берілетін мәліметтердің көптігін, толтыру міндеттілігін және ықтимал қайталанулар санын көрсету үшін кестелердің "Көптік" ("Көпт.") бағанында мынадай таңбалар пайдаланылады:

1 – элемент міндетті, қайталауға жол берілмейді;

1..* – элемент міндетті, шексіз қайталауы мүмкін;

0..1 – элемент опционалды, қайталауға жол берілмейді;

0..* – элемент опционалды, шексіз қайталауы мүмкін. 1-кесте

Зейнетакы тағайындау және төлеу үшін мәліметтер құрамы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Мәліметтер алғын құзыретті орган	мәліметтер алғын зейнетакы тағайындаитын) құзыретті орган туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: елдің коды (осы жерде және одан әрі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кодын көрсету үшін ISO 3166-1 сәйкес әлем елдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтитын әлем елдерінің сыныптауышын алынған екі таңбалы әріптік елдің коды пайдаланылады; құзыретті органның кодтық белгісі немесе оның атауы; аумақтық бөлімшениң коды (бар болса); мекенжайы (осы жерде және бұдан әрі құзыретті органның (ұйымның) мекенжайының құрамында елдің коды, пошта индексі, облыс, аудан, елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпус көрсетіледі)	1

2. Мәліметтер жіберетін құзыретті орган	мәліметтер жіберетін құзыретті орган туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: елдің коды; құзыретті органның кодтық белгісі немесе оның атауы; аумақтық бөлімшениң коды (бар болса); адрес; байланыс деректемелері (телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы)	1
3. Отініш беру күні	отініш берушінің мәліметтерді жіберетін құзыретті органға отініш берген, оның ішінде зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушының және оның өкілінің (бар болса) дербес деректерін өндөуге келісім алған күні	–	1
4. Отініш беру себебі	зейнетакы тағайындау және төлеу үшін отініш беру себебі	зейнетакыны белгілеу және төлеу үшін жүргіну себебінің кодтық белгісі көрсетіледі	1..*
5. Отініш берушінің белгісі	отініш берушінің белгісі	мына мәндерге сәйкес келуге тиіс: "1" – отініш беруші зейнетакымен қамсыздандырудың қатысушысы болып табылады; "0" – отініш беруші зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушының өкілі болып табылады	1
6. Зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушы туралы мәліметтер	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушы туралы мәліметтер	–	1
6.1. Зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушы түрінің коды	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушының кодтық белгіленуі	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысушы түрінің кодтық белгісі көрсетіледі: "еңбекші", "отбасы мүшесі", "зейнетакы жинақтарының мұрагері (1 құқықтық мирасқоры)", "еңбекші (отбасы мүшесі)	1

		кайтыс болуына байланысты алмаған зейнетакы алуға үміткер адам"	
6.2. Т.А.Ә.	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	-	1
6.3. Туу кезіндегі тегі	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың туу кезіндегі тегі және басқа да тектері (бар болса)	-	0..*
6.4. Азаматтығы	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуыш азаматы болып табылатын елдің коды	-	1..*
6. Зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуыш туралы мәліметтер	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуыш туралы мәліметтер	-	1
6.1. Зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуыш түрінің коды	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың кодтық белгіленуі	-	1
6.2. Т.А.Ә.	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	-	1
6.3. Туу кезіндегі тегі	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың туу кезіндегі тегі және басқа да тектері (бар болса)	-	1..*
6.4. Азаматтығы	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуыш азаматы болып табылатын елдің коды	-	1
6.5. Туган күні	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың туган күні	-	1
6.6. Туган жері	зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуышың туган жері	-	1
6.7. Тұрғылықты жерінің мекенжайы	өтініш берген күнгі зейнетакымен қамсыздандыруға	осы жерде және одан әрі тұрғылықты мекенжайының құрамында елдің коды, пошта индексі, облыс,	1

	катысушының тұрғылықты жерінің мекенжайы	аудан, елді мекен, көше, үй нөмірі, корпус, пәтер нөмірі көрсетіледі	
6.8. Байланыс деректемесі	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушы өкілінің байланыс деректемелері	телефон нөмірі және (немесе) электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі	1..*
6.9. Жынысының коды	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушы жынысының кодтық белгіленуі	–	1
6.10. Жеке күәлік	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушының жеке басын күәландыратын құжат туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі елдің коды; құжат түрінің коды (осы жерде және бұдан әрі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 53 шешімімен бекітілген жеке басты күәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі); құжаттың сериясы, нөмірі; құжатты берген уәкілетті орғаның сәйкестендіргіші және (немесе) атаяу; құжаттың берілген күні; құжат қолданысының аяқталған күні	
6.11. Жеке нөмірі	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушының жеке (дербес) нөмірі (шоты) (бұдан әрі-сәйкестендіру нөмірі)	мыналар көрсетіледі: елдің коды; сәйкестендіру нөмірі	1..*
6.12. Раставу құжаты	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушының тегінің, атының, экесінің атының өзгеруін, туыстық дәрежесін, мұрагерлік құқығын, қайтыс болған енбекшімен (отбасы мүшесімен) ол қайтыс болған күні бірге түруын раставын құжат туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: елдің коды; раставын құжат түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атаяу; құжаттың сериясы, нөмірі; құжатты берген уәкілетті орғаның сәйкестендіргіші және (немесе) атаяу; құжаттың берілген күні;	0..*

		егер зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы түрінің кодтық белгісі мынадай мәндердің біріне сәйкес келсе толтырылады: " отбасы мүшесі", " зейнетақы жинақтарының мұрагері (" құқықтық мираскоры)", " еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болуына байланысты алмаған зейнетақы алуға үміткер адам". туыстық дәрежесінің кодтық белгісі немесе оның атауы көрсетіледі	
6.13. Туыстық дәрежесі	қайтыс болған еңбекшімен (отбасы мүшесімен) туыстық дәрежесі туралы мәліметтер	0..1	
7. Зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының өкілі туралы мәліметтер	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының өкілі туралы мәліметтер	егер "Өтініш берушінің белгісі" элементі "0" мәнін қабылдаса, элемент толтырылуы керек	0..1
7.1. Т.А.Ә.	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	–	1
7.2. Жеке қуәлік	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: елдің коды; құжат түрінің коды (осы жерде және бұдан әрі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 53 шешімімен бекітілген жеке басты куәландыратын құжаттар түрлерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі); құжаттың сериясы, нөмірі; құжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы; құжаттың берілген күні; құжат қолданысының аяқталған күні	1
	өтініш берген күнгі зейнетақымен қамсыздандыруға	елдің коды, пошталық индексі, облысы, ауданы, елді мекені, көшесі, үйдің	

7.3. Тұрғылықты жерінің мекенжайы	катастыруның тұрғылықты жерінің мекенжайы	нөмірі, корпусы, пәтердің нөмірі көрсетіледі	1
7.4. Байланыс деректемесі	зейнетақымен қамсыздандыруға қатастыру өкілінің байланыс деректемелері	телефон нөмірі және (немесе) электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі	1..*
7.5. Зейнетақымен қамсыздандыруға қатастыру өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат:	зейнетақымен қамсыздандыруға қатастыру өкілінің өкілеттігін растайтын құжат туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: елдің коды; растайтын құжат түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; құжаттың сериясы, нөмірі; құжаттың берген органның атауы; құжаттың берілген күні; өкіл өкілеттігінің қолданылу мерзімі	1
8. Зейнетақының түрі	тағайындалатын зейнетақы түрі туралы мәліметтер	зейнетақы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы көрсетіледі	1..*
9. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен зейнетақы алу белгісі	еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен зейнетақы алу белгісі	мына мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" – алды; "0" – алмады	1
10. Басқа ведомстводан немесе мемлекеттен тағайындалған зейнетақы туралы мәліметтер	еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен тағайындалған зейнетақысы туралы мәліметтер	егер еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен зейнетақы алу белгісі "1"мәніне сәйкес келсе толтырылады, мыналар көрсетіледі: елдің коды; аумақтық органның (ведомствоның) коды (болған жағдайда); зейнетақы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; зейнетақы алудың басталу және аяқталу күні	0..*
		егер өтініш беру себебінің коды "зейнетақы тағайындау және төлеу" немесе "тағайындалған зейнетақы	

11. Еңбекшінің жұмыс өтілі туралы мәліметтер	еңбекшінің жұмыс өтілі туралы мәліметтер	<p>мөлшерін қайта есептеу"</p> <p>мәніне сәйкес келсе толтырылады,</p> <p>мыналар көрсетіледі:</p> <p>жұмысқа орналастыру мемлекетінің коды;</p> <p>кодтық белгі немесе қызмет түрінің атауы;</p> <p>кезең типі (жұмыс кезені, өзге кезен);</p> <p>кезенің басталу күні;</p> <p>кезенің аяқталу күні;</p> <p>үйымның атауы;</p> <p>үйымның орналасқан мекенжайы</p>	0..*
12. Қайтыс болған еңбекші туралы ақпарат	қайтыс болған еңбекші туралы мәліметтер және еңбекшінің қайтыс болғаны туралы құжат туралы мәліметтер	<p>егер зейнетакымен қамсыздандыруға қатысуши түрінің кодтық белгісі мынадай</p> <p>мәндердің біріне сәйкес келсе толтырылады: "</p> <p>отбасы мүшесі", "</p> <p>зейнетакы</p> <p>жинақтарының мұрагері (</p> <p>құқықтық мирасқоры)", "</p> <p>еңбекші (отбасы мүшесі)</p> <p>қайтыс болуына</p> <p>байланысты алмаған</p> <p>зейнетакы алуға үміткер адам",</p> <p>мыналар көрсетіледі:</p> <p>элементтің сипаттамасы</p> <p>1-кестенің 6 – тармағының 6.2-6.6, 6.9, 6.11-тармақшаларында келтірілген</p> <p>құжаттың атауы;</p> <p>құжаттың сериясы, нөмірі;</p> <p>құжатты берген уәкілетті органдың</p> <p>сәйкестендіргіші және (</p> <p>немесе) атауы;</p> <p>құжаттың берілген күні;</p> <p>қайтыс болған күні;</p> <p>қайтыс болған жері</p>	0..1
13. Еңбекшінің отбасы мүшесі туралы қосымша мәліметтер	еңбекшінің отбасы мүшесі туралы қосымша мәліметтер	–	0..1
	қайтыс болған еңбекшінің асырауында	–	1

13.1. Асырауындағы адамдар саны	болған отбасы мүшелерінің саны		
13.2. Қайтыс болған еңбекшінің бұзылған некесі туралы мәліметтер	қайтыс болған еңбекшінің бұзылған некесі туралы мәліметтер	<p>қайтыс болған еңбекшінің некесін бұзу белгісі көрсетіледі, белгі мынадай мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" – иә; "0" - жоқ;</p> <p>егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі:</p> <p>некені бұзу туралы құжаттың атаяу;</p> <p>құжаттың сериясы, нөмірі;</p> <p>кімнің бергені;</p> <p>құжаттың берілген күні</p>	0..1
13.3. Жаңа некеге тұру туралы мәліметтер	жаңа некеге тұру туралы мәліметтер	<p>жаңа некеге тұру белгісі көрсетіледі, белгі мынадай мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" – иә; "0" - жоқ;</p> <p>егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі:</p> <p>некеге отыру туралы құжаттың атаяу;</p> <p>құжаттың сериясы, нөмірі;</p> <p>кімнің бергені;</p> <p>құжаттың берілген күні</p>	0..1
14. Зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының банктік деректемелері	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының банктік деректемелері туралы мәліметтер	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы атына мәліметтер жіберілетін мемлекетте зейнетақыны жеткізуі таңдаған жағдайда толтырылады	0..1
14.1. Зейнетақы алатын мемлекет түрінің кодтық белгіленуі	зейнетақы алатын мемлекет түрінің кодтық белгіленуі	зейнетақы алатын мемлекет түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атаяу көрсетіледі	1
14.2. Т.А.Ә.	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	-	1
14.3. Банктік шотының нөмірі	зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушының банктік шотының нөмірі	-	1
		мыналар көрсетіледі:	

14.4. Зейнетақымен қамсыздандыруға катысушының банктік деректемелері	зейнетақымен қамсыздандыруға катысушының банктік деректемелері туралы мәліметтер	банктің атапу; филиалдың (банк бөлімшесінің) атапу; банктік сәйкестендіру коды (БСК); бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН); есеп айырысу шотының нөмірі; корреспонденттік шот	1
15. Өзге де ақпарат	өзге де ақпарат	—	0..*
16. Қосымша ақпарат	косымша ақпарат	—	0..*
17. Қоса берілетін құжат	коса берілетін құжат туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: құжаттың атапу; құжат нысаны түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атапу; құжат параптарының саны; екілік форматтағы құжат	0..*

2-кесте

Маңызды мән-жайлар туралы мәліметтердің (ұстап қалуды аяқтау туралы мәліметтердің) құрамы

ММТ – маңызды мән-жайлар туралы мәліметтер;

ҰАМ – ұстап қалуды аяқтау туралы мәліметтер

Элементтің атапу	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	ММТ	ҰАМ	Көпт.
1. Мәліметтер алатын құзыретті орган туралы мәліметтер	мәліметтер алатын құзыретті орган туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 1- тармағында келтірілген	— +	+	1
2. Мәліметтер жіберетін құзыретті орган туралы мәліметтер	мәліметтер жіберетін құзыретті орган туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 2- тармағында келтірілген	— +	+	1
3. Маңызды мән-жай	маңызды мән-жай туралы мәліметтер	маңызды мән-жай түрінің кодтық белгісі немесе оның атапу көрсетіледі	+ —	—	1..*
4. Зейнетақымен қамсыздандыруғ	зейнетақымен қамсыздандыруғ	элементтің сипаттамасы 1 кестенің 6-тармағының 6.1, 6.2, 6.5, 6.9, 6.11	+ —	+ —	1..*

а қатысушы туралы мәліметтер	а қатысушы туралы мәліметтер	- тармақшаларын да келтірілген			
5. Зейнетақымен қамсыздандыруғ а қатысушының өкілі туралы мәліметтер	зейнетақымен қамсыздандыруғ а қатысушының өкілі туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 7-тармағының 7.1, + 7.2, 7.5-тармақшаларын да келтірілген	-	0..1	
6. Алынатын зейнетакы туралы мәліметтер	еңбекші (отбасы мүшесі) алатын зейнетакы туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: зейнетакы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; елдің коды; зейнетакының мөлшері; валюта коды (мұнда және бұдан әрі ISO 4217 сәйкес валюта сыныптауышынан валюта коды көрсетіледі); зейнетакы алудың басталу және аяқталу күні	+ -	0..*	
7. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен зейнетакы алу белгісі	еңбекшінің (отбасы мүшесінің) басқа ведомстводан немесе мемлекеттен зейнетакы алу белгісі	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 9-тармағында келтірілген	-	0..1	
8. Басқа ведомстводан немесе мемлекеттен алынатын зейнетакы туралы мәліметтер	басқа ведомстводан немесе мемлекеттен алынатын зейнетакы туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 10-тармағында келтірілген	-	0..*	
		мыналар көрсетіледі:			

9. Еңбек қызметі туралы мәліметтер	еңбекшінің отбасы мүшесінің) еңбек қызметі туралы мәліметтер	<p>зейнетақымен қамсыздандыруға қатысушы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның мынадай мәндердің біріне сәйкес келетін атауы: "еңбек етуші", "отбасы мүшесі"; жұмысты жүзеге асырудың белгісі, элемент келесі мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - жұмыс істейді, "0" - жұмыс істемейді; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі:</p> <p>еңбек қызметін жүзеге асыру нысанының кодтық белгісі немесе оның атауы;</p> <p>жұмыстың басталуы (жұмыска кабылдау күні);</p> <p>жұмысты тоқтату (жұмыстан босатылған күн)</p>	+ -	0..1
10. Зейнетакы мөлшерінің өзгеруі туралы мәліметтер	еңбекшінің отбасы мүшесінің) зейнетакы мөлшерінің өзгеруі (қайта есептелуі) туралы мәліметтер	<p>мыналар көрсетіледі:</p> <p>зейнетакы мөлшері өзгерген күн; зейнетакының қайта есептелген мөлшері;</p> <p>валютаның коды</p>	+ -	0..1
		мыналар көрсетіледі: кодтық белгіленуі:		

11. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің) қайтыс болуы туралы мәліметтер	(еңбекшінің (отбасы мүшесінің) қайтыс болуы туралы мәліметтер	<p>еңбекші", "отбасы мүшесі"; тұған күні; қайтыс болған күні; азаматтығы; жынысы; сәйкестендіру нөмірі; қайтыс болуы туралы күжаттың атауы; күжаттың сериясы, нөмірі; күжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы; күжаттың берілген күні</p>	+	-
12. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің)	(еңбекшінің (отбасы мүшесінің)	<p>мыналар көрсетіледі: зейнетақымен қамсыздандыруғ а қатысуышы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның мынадай мәндердің біріне сәйкес келетін атауы: "еңбекші", "отбасы мүшесі"; бұрынғы тегі, аты (барлығы), әкесінің аты (бар болса); өзгерту себебі; некені бұзы белгісі; некені бұзы туралы күжаттың атауы; күжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні;</p> <p>күжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші</p>		0..1

	некеге тұруы, некені бұзуы, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы мәліметтер	некеге тұруы, некені бұзуы, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы мәліметтер	және (немесе) атауы; жаңа некеге тұру белгісі; некені бұзу туралы құжаттың атауы; құжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні; құжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы; тегі өзгеруінің басқа себебі; тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту туралы құжаттың атауы; құжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні; құжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы	+	-	0..1
13. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің) тұрғылықты мекенжайын өзгертуі туралы мәліметтер	еңбекшінің (отбасы мүшесінің) тұрғылықты мекенжайын өзгертуі туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: зейнетақымен қамсыздандыруғ а қатысуышы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның мынадай мәндердің біріне сәйкес келетін атауы: "еңбекші ", "отбасы мүшесі"; тұрғылықты жерін ауыстыру күні; тұратын елдің коды;	+ -	-	0..1	

		тұрғылықты жердің мекенжайы			
14. Еңбекшінің (еңбекшінің отбасы мүшесінің) азаматтығын өзгертуі туралы мәліметтер	(отбасы мүшесінің) азаматтығын өзгертуі туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: зейнетақымен камсыздандыруғ а қатысуышы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның мынадай мәндердің біріне сәйкес келетін атауы: "еңбекші ", "отбасы мүшесі"; бұрынғы азаматтығы	+ елінің коды; ж а ң а азаматтығы елінің коды; азаматтықты ауыстыру күні; азаматтықты ауыстыру туралы күжаттың атауы; азаматтықты ауыстыру туралы күжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні; күжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы	- -	0..1
		мыналар көрсетіледі: асырауындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); асырауындағы адамның туган күні; туыстық дәрежесі;			

1 5 . Асыраудың адамдар туралы мәліметтер	еңбекшінің қайтыс болған еңбекшінің) асыраудың адамдар (отбасы мүшелері) туралы мәліметтер	туыстығын растайтын құжаттың атауы; туыстығын растайтын құжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні; туыстығын растайтын құжат қолданысының аяқталған күні; туыстығын растайтын құжатты берген үәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы; тұратын елдің коды; тұрғылықты жердің мекенжайы	+	-	
		мыналар көрсетіледі: асыраудың адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); тұған күні; оку орнының атауы; оку орнының мекенжайы; оку басталған күн; оку аяқталған күн; оқыту нысанының кодтық белгіленуі; оку факті мен нысанын растайтын құжаттың атауы; құжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні;			0..*

15.1. Асыралушының окуы туралы мәліметтер	<p>асыралушының окуы туралы мәліметтер</p> <p>құжат қолданысының аяқталған күні; оку фактісі мен нысанын растайтын құжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы;</p> <p>оку орнынан шығарылған күні;</p> <p>оқыту нысанын өзгерту күні;</p> <p>окудан шығару туралы</p> <p>құжаттың атауы;</p> <p>құжаттың сериясы, нөмірі; берілген күні;</p> <p>құжат қолданысының аяқталған күні; құжатты берген уәкілетті органның сәйкестендіргіші және (немесе) атауы</p>	+	-	0..1
	<p>мыналар көрсетіледі:</p> <p>зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы шешімнің күні;</p> <p>артық төленген зейнетақы сомасын ұстап қалу туралы шешімнің нөмірі ;</p> <p>ұсталған зейнетақы сомасы;</p> <p>валютаның коды ;</p> <p>ұсталған зейнетақы көлемінің</p>			

16. Ұстап қалуды аяқтау туралы мәліметтер	ұстап қалуды аяқтау туралы мәліметтер	белгісі, элемент келесі мәндерге сәйкес келуге тиіс: "1" - толық көлемде ұсталды, "0" - толық көлемде ұсталмады, егер мән "0" - ге сәйкес келсе, онда қосымша егер мән "0" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі: ұсталуға тиіс зейнетақы сомасының калдығы; валютаның коды ; зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалуды тоқтату себебі	-	+	1
17. Қосымша ақпарат	қосымша ақпарат	-	+	+	0..*
18. Қоса берілетін құжат	коса берілетін құжат туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 17-тармағында келтірілген	+	+	0..*

3-кесте

Медициналық зерттеу туралы мәліметтердің құрамы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	Көпт.
1. Мәліметтер алатын құзыретті орган	енбекшіні медициналық күәландыру нәтижелері келтірілген мәліметтерді алатын құзыретті орган туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 1-тармағында келтірілген	1
2. Мәліметтер жіберетін құзыретті орган	енбекшіні медициналық тексерудің нәтижелері келтірілген мәліметтерді жіберетін құзыретті орган туралы мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 2-тармағында келтірілген	1
		мыналар көрсетіледі: елдің коды;	

3. Мекеме (ұйым)	енбекшінің көзбе-көз медициналық тексеру туралы мәліметтерді толтыруға жауапты мекеме (ұйым) туралы мәліметтер	мекеменің (ұйымның) кодтық белгісі; аumaқтық бөлімшениң коды (бар болса); мекенжайы; байланыс деректемелері (телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы); жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); лауазымы	1
4. Күні	медициналық тексеру туралы мәліметтер толтырылған күн	–	1
5. Шығыс нөмірі	құжаттың шығыс нөмірі	–	1
6. Мәліметтер жіберілген күн	медициналық тексеру туралы мәліметтер жіберілген күн	–	1
7. Медициналық тексеру жүргізілген күн	медициналық тексеру жүргізілген күн	–	1
8. Тексерілетін еңбекші (отбасы мүшесі) туралы мәліметтер	тексерілетін еңбекші (отбасы мүшесі) туралы оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер	элементтің сипаттамасы 1-кестенің 6-тармағының 6.1, 6.2, 6.4 – 6.9, 6.11-тармақшаларында келтірілген, сондай-ақ тұратын мемлекеттің кодтық белгісі көрсетіледі	1
9. Мүгедектігін белгілеу белгісі	енбекшінің (отбасы мүшесінің) мүгедектігін белгілеу белгісі	мүгедектікі белгілеу белгісі көрсетіледі, элемент мынадай мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" – бастанқы, "0" - қайтадан	1
10. Мүгедектік туралы мәліметтер	тексерілетін еңбекшіде (отбасы мүшесінде)	мыналар көрсетіледі: еңбекшіде (отбасы мүшесінде) мүгедектікі белгілеу белгісі элемент мынадай мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" - мүгедектік белгіленген, "0" - мүгедектік белгіленбеген, егер "1" элементінің мәні көрсетілген болса: мүгедектік тобының кодтық белгіленуі немесе оның атаяу;	1

	мүгедектіктің бар-жоқтығы туралы мәліметтер	баланың мүгедектігін белгілеу белгісі, элемент мынадай мәндерге сәйкес келуі тиіс: "1" - мүгедектік белгіленген, "0" – мүгедектік белгіленбейген, егер "1" элементінің мәні болса, онда денсаулықтың жоғалу дәрежесінің кодтық белгісі немесе оның атаяу көрсетіледі	
11. Соңғы жұмыс орны туралы мәліметтер	соңғы жұмыс орны туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: соңғы жұмыс орнындағы лауазымы (кәсібі, мамандығы); көрсетілген кәсіп (мамандық) бойынша жұмыстың ұзактығы; жұмыс (қызмет, оқу) орны; мекенжай	0..1
12. Пациенттің ауру тарихы	пациенттің ауру тарихы туралы мәліметтер	–	1
12.1. Негізгі шағымдар сипаттамасы	пациенттің негізгі шағымдарының сипаттамасы	–	1..*
12.2. Өмір анамнезінің сипаттамасы	пациенттің өмір анамнезінің сипаттамасы	–	1..*
12.3. Ауру анамнезінің сипаттамасы	пациенттің ауру анамнезінің сипаттамасы	–	1..*
12.4. Аурудың өту сипатының сипаттамасы	аурудың өту сипатының сипаттамасы	–	1..*
12.4.1. Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы мәліметтер	соңғы 12 айдағы еңбекке уақытша жарамсыздық туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: көрсетілімнің реттік нөмірі; еңбекке уақытша жарамсыздықтың басталу күні; еңбекке уақытша жарамсыздықтың аяқталған күні; еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің саны; диагноз; еңбекке уақытша жарамсыздықтың барлық күндері	0..*
		мыналар көрсетіледі:	

12.4.2. Стационарлық емдеу туралы мәліметтер	соңғы 12 айдағы стационарлық емдеу туралы мәліметтер	көрсетілімнің реттік нөмірі; емдеуге жатқызу күні; ауруханадан шыгару күні ; емдеу күндерінің саны; диагноз; денсаулық жағдайының кодтық белгісі немесе оның атауы; стационарлық емдеудің барлық күндері	0..*
12.4.3. Жедел медициналық көмекті шақырулар саны туралы мәліметтер	соңғы 12 айдағы жедел медициналық көмекті шақырулар саны туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: көрсетілімнің реттік нөмірі; шақыру күні; диагноз	0..*
12.4.4. Жүргізілген емнің сипаттамасы	жүргізілген емнің сипаттамасы және оның нәтижесі	—	1..*
12.4.5. Жүргізілп жатқан емдеу туралы мәліметтер	казіргі уақытта жүргізілп жатқан емдеу туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі: жүргізілп жатқан емнің сипаттамасы; емдеу (оңалту) серпіні түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы	1
12.4.6. Медициналық оңалту түрінің коды	медициналық оңалту түрінің кодтық белгіленуі	емдеу (оңалту) серпіні түрінің кодтық белгісі немесе оның атауы көрсетіледі	1
12.4.7. Науқастың әлеуметтік және еңбек тарихын сипаттау	науқастың әлеуметтік және еңбек тарихын сипаттау	—	0..*
12.4.8. Еңбек қызметін ұзактығы туралы мәліметтер	еңбек қызметін ұзактығы туралы мәліметтер	пациентті тексеру кезінде еңбек қызметін жүзеге асыру белгісі көрсетіледі, элемент келесі мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - жұмыс істейді, " 0 " - жұмыс іstemейді; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі: жұмыс сағаттарының саны; казіргі уақыттағы жұмыс орны (ұйымның атауы, ұйымның мекенжайы)	1
12.4.9. Жұмыстағы жазатайым оқиға /		мыналар көрсетіледі: жазатайым оқиғаның күні ;	

кәсіптік ауруы туралы мәліметтер	жұмыстағы жазатайым оқиға / кәсіптік ауруы туралы мәліметтер	жұмыс орны; лауазымы; жазатайым оқиғаның себебі	0.. *
13. Тексеру нәтижелері	тексеру нәтижелері туралы мәліметтер	-	1
13.1. Жалпы жағдайы туралы мәліметтер	тексерілүшінің жалпы жағдайы туралы мәліметтер	тексерілүшінің жалпы жай-күйі түрінің кодтық белгісі немесе оның атауы көрсетіледі; бойы; салмағы; дene массасының индексі (ИМТ)	1
13.2. Тері жабындарының жай-күйі туралы мәліметтер	тері жабындарының жай-күйі туралы мәліметтер	тексерілүшінің тері жабындарының жай-күйі түрінің кодтық белгісі немесе оның атауы көрсетіледі	1
13.3. Перифериялық ісінүлердің болуы туралы мәліметтер	перифериялық ісінүлердің болуы туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі ісіну белгісі, элемент келесі мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - Иә, "0" - жоқ; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша ісіктің орналасқан жері көрсетіледі	1
13.4. Көрінетін шырышты қабықтардың жай-күйі туралы мәліметтер	көрінетін шырышты қабықтардың жай-күйі туралы мәліметтер	зерттелетін адамның көзге көрінетін сілемейлі қабықтарының жай-күйі түрлерінің анықтамалығынан кодтық белгісі көрсетіледі; көрінетін шырышты қабықтардың жай-күйінің атауы (егер код мәні "басқа"мәніне сәйкес келсе)	1
13.5. Перифериялық лимфа түйіндері туралы мәліметтер	перифериялық лимфа түйіндерінің жай-күйі туралы мәліметтер	мыналар көрсетіледі перифериялық лимфа түйіндерінің жай-күйінің белгісі, элемент келесі мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - ұлғайтылған, "0" – ұлғайтылмаған; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда орналасуы мен мөлшері қосымша көрсетіледі	1

	13.6. Қалқанша безінің жағдайы туралы мәліметтер	калқанша безінің жағдайы туралы мәліметтер	тексерілүшінің қалқанша безінің жай-күйі түрінің кодтық белгісі немесе оның атауы көрсетіледі	1
13.7. Қан айналу жүйесі	қан айналымы жүйесі туралы мәліметтер (пульс, артериялық қысымның мәні, жүрек шекарасы туралы мәліметтер, жүрек тонының түрлері, шу)	мыналар көрсетіледі: зерттелетін адамның пульсі сипаттамасының кодтық белгісі немесе оның атауы; минутына соққылар саны ; жүрек шекараларының күйінің белгісі, элемент мына мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - кеңейтілген – "0" - кеңейтілмеген; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша патология көрсетіледі; тексерілүшінің жүрек соғысы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; жүрек шуының белгісі, элемент мына мәндерге сәйкес келуге тиіс: "1" – иә, "0" - жоқ; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда сипаттамасы қосымша көрсетіледі	1	
		мыналар көрсетіледі: тыныс алу жиілігі (тыныс алу саны көрсетіледі минутына); тыныс алу органдарының перкуторлық дыбысы түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; дененің бойлық осіне қатысты тараптардың кодтық белгілері) немесе перкуторлық дыбыс кезіндегі олардың атауы; тыныс алу түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы; дененің бойлық осіне қатысты тараптардың кодтық белгісі (кодтық		

13.8. Тыныс алу органдары жүйесі	<p>тыныс алу органдарының жүйесі туралы мәліметтер (минутына тыныс алу жиілігі, перкуторлық дыбыс, тыныс алу, сырылдар, ентігудің болуы)</p> <p>белгілері) немесе тыныс алу кезіндегі олардың атаулары;</p> <p>қырыл болуының белгісі, элемент мына мәндерге сәйкес келуі керек: "1" - иә, "0" - жоқ; егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда қосымша мыналар көрсетіледі</p> <p>қырыл түрінің кодтық белгіленуі немесе оның атауы;</p> <p>дененің бойлық осіне қатысты тараптардың кодтық белгілері) немесе қырыл кезіндегі олардың атауы;</p> <p>тыныс алудың белгісі, элемент мына мәндерге сәйкес келуге тиіс: "1" – иә, "0" - жоқ;</p> <p>егер мән "1" - ге сәйкес келсе, онда айқындылық сипаты мен дәрежесі қосымша көрсетіледі</p>	1
